

Мектеп директоры: К.Алтаева



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: мектепте зорлық зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру және психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері :

- оқушылардың құқықтық және адамгершілік мәдениетін арттыру;
- балалар арасындағы агрессия, қактығыс, зорлық әрекеттерінің алдын алу;
- ата- аналар мен мұғалімдердің бала қауіпсіздігі туралы жауапкершілігін арттыру;
- психологиялық және әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейту.

№	Атқарылатын іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
Ұйымдастыру жұмыстары				
1.	Мектепішілік «Зорлық зомбылықсыз мектеп» тақырыбында бұйрық шығару, жоспар бекіту.	Бұйрық, жоспар	Мектеп директоры К.Алтаева ДТЖО А.Тунгушбаева	2025 жыл қыркүйек
2.	Мектепішілік зорлық- зомбылықтың алдын алу кеңесі құрамын жанарту.	Бұйрық	ДТЖО А.Тунгушбаева	қыркүйек
3.	Кәмелетке толмағандар арасында қауіп қатер тобындағы оқушылар тізімін анықтау.	Мәлімет	Әлеуметтік педагог А.Мелдебек Сынып жетекшілері	қыркүйек
4.	Педагогтарға арналған нұсқаулық және семинар «Буллинг пен зорлықты ерте анықтау»	хаттама	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	казан

Оқушылармен жұмыс				
5.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Зорлық зомбылықсыз әлем» тәрбие сағаты	Мәлімет	Сынып жетекшілері	Токсанына бір рет
6.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Менің құқықым менің қорғаным» тренингі	Хаттама	Психолог М.Адилова	Қараша
7.	«Қауіпсіз интернет», «Кибербуллингтің зияны» медиа сағат	Мәлімет	Информатика пәні мұғалімі А.Урманшиков	желтоқсан
8.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Бір бірімізге мейірімді болайық!» акциясы «Ата анаммен өткен бір күн» 1-4 сынып «Ата анаммен бақытты сәтім» 5-7 сынып «Мен бақытты баламын» 8-11 сынып	Мәлімет Бейнебайқау мәліметі	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова Әлеуметтік педагог А.Мелдебек	Қараша
9.	«Қиын жағдайдағы бала» тақырыбында әлеуметтік сауалнама	Сауалнама нәтижесі	Әлеуметтік педагог А.Мелдебек	Токсанына бір рет
Ата аналармен жұмыс				
10.	Ата аналар жиналысында баяндама «Отбасындағы зорлық бала психологиясына әсері»	Баяндама Хаттама	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	Қазан
11.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Отбасындағы мейірім мен түсіністік» тренингі «Бақытты отбасы» 1-11 сынып «Мен және менің отбасым» 2-6 сыныптар	Хаттама Фотосурет байқауы хаттамасы Спорттық жарыс мәліметі	ДТЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова ПҰ М.Адилов Сынып жетекшілер	қараша
12.	Үнемі байланыс орнату (қауіп тобы ата аналарымен жеке әңгіме)	Хаттама	Сынып жетекшілер	Жыл бойы

13.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Отбасы және бала тәрбиесі» ата- аналар жиналысы	хаттама	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова Әлеуметтік педагог А.Мелдебек Сынып жетекшілер	қараша
Серіктестік жұмыс				
14.	Ювеналды полиция инспекторының кездесуі «Құқық бұзушылықтың алдын алу»	Хаттама	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Полиция инспекторы Ж.Жалғасбай	Қазан
15.	«Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау бөлімдерімен бірлескен семинар	мәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Медбике Д.Мұздыбаева	Қараша
16.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиямен ақпарат алмасу	мәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	Жыл бойы
Бақылау және талдау				
17.	Сынып жетекшілер есебі мен мониторинг нәтижесін талдау	Талдау	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	Тоқсанына бір рет
18.	Оқушылармен, ата аналармен сауалнама (мектептегі қауіпсіздік деңгейі)	Сауланам нәтижесі мәліметі	Психолог М.Адилова	Жылына екі рет
19.	Жылдық қорытынды есеп дайындау	есеп	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	мамыр

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Мектепте зорлық зомбылықтың және буллингтің әрекеттері болмайды;
- ✓ Оқушылар арасында өзара сыйластық, мейірім мен сенім қалыптасады;
- ✓ Мұғалім, ата ана және оқушы арасында ашық байланыс орнайды

Орындаған ДТЖЖО А.Тунгушбаева



«Жыланбүзган» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылында зорлық-зомбылықтың алдын-алу
бойынша жүргізілген жылдық жұмыс есебі

Мектепте 2024-2025 оқу жылында білім алушылар арасында зорлық-зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру және психологиялық қолдау көрсету мақсатында зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша жоспар жасалып, жауаптылар бұйрықпен бекітілді.

Міндеттері :

- оқушылардың құқықтық және адамгершілік мәдениетін арттыру;
- балалар арасындағы агрессия, қастығыс, зорлық әрекеттерінің алдын алу;
- ата-аналар мен мұғалімдердің бала қауіпсіздігі туралы жауапкершілігін арттыру;
- психологиялық және әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейту

Оқу жылының қыркүйек айында ДТЖОЖО А.Тунгушбаева, психолог М.Адилова, әлеуметтік педагог А.Мелдебек, педагог ұйымдастырушы М.Адилов бірлесе кәмілетке толмағандар арасында қауіп қатер тобындағы оқушылар тізімін анықтау шарасы жүргізілді. Мақсаты: қиын өмірлік жағдайдағы, мінез-құлқында, оқуда немесе отбасында проблемалары бар оқушыларды анықтап, алдын алу және қолдау жұмыстарын ұйымдастыру. Оқушылар мынадай белгілер бойынша топтарға бөлінді:

- оқу үлгерімі төмен
- тәртіп бұзу, буллингке бейім,
- әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары
- ата-анасының бақылауы әлсіз
- психологиялық қиындықтары бар
- тәрбие немесе құқықбұзушылық фактілері
- зорлық-зомбылық құрбаны немесе куәгері болуы мүмкін
- интернет тәуелділік, кибербуллингке қатысу.

Анықтау кезеңдері төмендегіше болды:

- 1-кезең. Бақылау және бастапқы анықтау
- 2-кезең. Ақпарат жинау
- 3-кезең. Қорытынды және талдау
- 4-кезең. Жеке қолдау жоспары
- 5-кезең. Мониторинг және бақылау

Қауіп қатер деңгейлері бағаланып, шкала бойынша қауіп-қатер төмен деңгейде екендігі анықталды, құжаттар жеке жинақталды.

Нәтижесі ерте анықтау арқылы балаға уақытылы көмек көрсетіледі, зорлық-зомбылық, буллинг, құқықбұзушылық жағдайларының алдын алу тиімділігі артты, мектепте қауіпсіз және қолайлы орта қалыптасты.

Оқу жылының қазан айында ДТЖОЖО А.Тунгушбаева, психолог М.Адилова, «Буллинг пен зорлықты ерте анықтау» тақырыбында педагогтарға арналған

нұсқаулық беру шарасы өткізді. Мақсаты: педагогтердің буллинг пен зорлық-зомбылық белгілерін ерте кезеңде анықтау, балаларға уақытылы көмек көрсету, және қауіпсіз, мейірімді мектеп ортасын қалыптастыру бойынша білімін арттыру. Мұғалімдерге буллинг пен зорлық-зомбылық түрлері, олардың психологиялық және мінездік белгілері түсіндірілді. Оқушылар арасындағы жанжал агрессия және зорлық жағдайларын ерте байқау тәсілдері үйретілді. Күдікті жағдай туындағанда іс-әрекет алгоритмін (кімге хабарлау, қандай қадам жасау) түсіндірілді. Педагогикалық ұжымда балалармен қарым-қатынаста эмпатия мен төзімділік мәдениетін қалыптастыру бойынша кеңес берілді. Зорлық немесе буллинг болған жағдайда психолог, әлеуметтік педагог, ата ана және әкімшілікпен бірлесе жұмыс жүргізу тетіктері пысықталды.

Оқу жылының қараша айында «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында 1-11 сынып жетекшілері «Зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1J35kk1QxQ/>

Мектеп психологы М.Адилова «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Менің құқықым менің қорғаным» тренингін өткізді. Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста өзіне сенімді болуға үйрету, зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғану жолдарын түсіндіру.



Тәлімгер А.Урманшиков мектепішілік өзін өзі басқару тобымен бірлесе «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акция аясында «Бір бірімізге мейірімді болайық!» челленджін ұйымдастырды. Мақсаты: оқушылар арасында өзара

сыйластық, мейірімділік, қамқорлық және достық қарым қатынасты қалыптастыру, зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу, мектепте жылы, қолдау көрсететін орта орнату.



Акция барысында 1-4 сыныптар «Ата анаммен өткен бір күн», 5-7 сыныптар «Ата анаммен бақытты сәтім», 8-11 сыныптар «Мен бақытты баламын» тақырыптарында бейнебайқауға қатысты. Мақсаты: оқушылардың өмірге деген позитивті көзқарасын қалыптастыру, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы өз орнын сезіне білуге баулу, өз бақыты мен қуанышын бағалай алатын тұлға тәрбиелеу.

Оқу жылының қазан, желтоқсан, ақпан, сәуір айларында әлеуметтік педагог А.Мелдебек «Қиын жағдайдағы бала» тақырыбында әлеуметтік сауалнама жүргізді. Мақсаты: мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік, психологиялық және отбасылық қиындықтарға тап болған балаларды ерте анықтау, олардың мәселелерін зерделеу және қажетті көмек пен қолдау шараларын ұйымдастыру.

Оқу жылының қазан айында өткізілген ата-аналар жиналысында ДТЖЖО А.Тунгушбаева «Отбасындағы зорлық бала психологиясына әсері» тақырыбында баяндама оқыды. Мақсаты: ата-аналар мен педагогтардың отбасындағы зорлық-зомбылықтың бала психикасына тигізетін теріс әсері туралы түсініктерін кеңейту, зорлықсыз және мейірімді қарым қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы балалардың психологиялық саулығын қорғу.

Мектеп психологы М. Адилова қараша айында өткізілген «Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы аясында 5-7 сынып ата-аналарымен «Отбасындағы мейірім мен түсіністік» тренингін өткізді. Мақсаты: отбасы мүшелері арасындағы

өзара мейірім, сыйластық және түсіністік қарым қатынасты қалыптастыру арқылы отбасының психологиялық ахуалын нығайту, бала мен ата ана арасындағы сенімді байланыс орнатуға ықпал ету.

«Бақытты отбасы» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында фотосурет байқауы өткізілді. . Мақсаты: отбасы құндылықтарын насихаттау, ата- ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік, бірлік пен өзара сыйластықты фотосурет арқылы көрсету, қоғамда мейірім мен татулыққа негізделген отбасы үлгісін қалыптастыру.

2-6 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен бірге спорттық жарыс өткізілді. Мақсаты:отбасы мүшелерінің бірлігін, өзара ынтымақтастығын және салауатты өмір салтын насихаттау, арқылы ата ана мен баланың арасындағы байланысын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру.



Оқу жылы барысында ювеналды полиция инспекторы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен тоқсанына бір рет кездесулер өткізіп отырды.

Мониторинг және талдау.

- ✓ Оқу жылы бойы оқушылар, ата-аналар және педагогтар арасында «Мектептегі қауіпсіз орта» атты анонимді сауланама жүргізілді;
- ✓ Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 96 пайызы мектепте қауіпсіз сезінетінін көрсетті;
- ✓ Зорлық немесе буллинг белгілері тіркелген жоқ, бірақ үш оқушының өзара жанжалдасу жағдайын анықталып, психологпен жұмыс жүргізілді.

Қорытынды

Жалпы алғанда 2024-2025 оқу жылы барысында зорлық зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жоспарлы және жүйелі түрде жүргізілді. Мектеп ұжымының, ата аналар мен серіктес ұйымдардың бірлескен іс әрекеті нәтижесінде оқушылардың құқықтық мәденеті артты, мектептегі эмоционалды климат тұрақтанды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

1. Буллингтің жаңа түрлері (кибербуллинг, әлеуметтік қысым) бойынша ақпараттық жұмыстарды күшейту.
2. Психологиялық қызметтің алдымен алу бағдарламасын кеңейту.
3. Ата аналармен онлайн форматта ақпараттық кездесулер өткізу.

Орындаған ДТЖОЖО А.Тунгушбаева

